

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кипр Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 ақпандағы № 77 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылғы 16 шілдеде Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кипр Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кипр Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорт иелерін визалық талаптардан босату туралы
КЕЛІСІМ

(2011 жылғы 16 наурызда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2012 ж., N 6, 74-құжат)

Бұдан әрі - «Тараптар» деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кипр Республикасының Үкіметі екі ел арасындағы достық қарым-қатынасын дамытуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары - жарамды дипломаттық және қызметтік паспорт иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген күнінен бастап тоқсан (90) күн мерзімге визасыз келе алады, кете алады және транзитпен өте алады, сондай-ақ онда бола алады.

2. Екінші Тарап мемлекетінің аумағына дипломатиялық өкілдіктерге, консулдық мекемелерге немесе халықаралық ұйымдарға жұмысқа тағайындалған бір Тарап мемлекетінің азаматтары және олардың отбасы мүшелері - жарамды дипломаттық және қызметтік паспорт иелері тағайындалған мерзімге визасыз келе алады.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген тұлғалар халықаралық қатынас үшін ашық, шекараны кесіп өтудің барлық пункттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің шекарасын кесіп өтеді.

3-бап

Осы келісім бір Тарап мемлекеті азаматтарының екінші Тарап мемлекеті аумағында қолданылатын заңнаманы сақтау міндеттеріне ықпал етпейді.

4-бап

1. Әрбір Тарап ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және қоғам денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында - осындай шешім туралы дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа кідіріссіз хабарлау арқылы осы Келісімнің қолданысын уақытша, толық немесе ішінара тоқтата тұру құқығын сақтайды.

2. Осы Келісімнің қолданысын тоқтату екінші Тарап мемлекетінің аумағында жүрген осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген азаматтардың құқықтық жағдайына ықпал етпейді.

5-бап

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін әрбір Тарап осы Келісімге қол қойылған күннен бастап отыз (30) күннен кешіктірместен осындай құжаттарды егжей-тегжейлі сипаттауды қоса алғанда, жарамды дипломаттық және қызметтік паспорттардың үлгілерін дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа жолдауы тиіс.

2. Жаңа паспорт үлгісі немесе қолданыстағы дипломаттық және қызметтік паспорттарға өзгерістер енгізілген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-бірін хабардар етеді және оларды қолдану күніне дейін отыз (30) күн ішінде дипломатиялық арналар бойынша жаңа немесе өзгертілген паспорттардың үлгілерін алмасады.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген пікір алшақтықтары мен даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар бойынша алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады. Тараптардың бірі ағымдағы кезең аяқталардан 3 ай бұрын Келісімнің бесжылдық қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар бойынша алмаса, осы Келісім қолданысы келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады.

2010 жылы 16 шілдеде Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, грек, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Кипр Республикасының

Үкіметі үшін

2010 жылғы 16 шілдеде Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кипр Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық-құқық департаментінің*

Басқарма бастығы

Б. Писковский

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісім грек тілінде берілген.